ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫНДАҒЫ КӨПІР ҚҰРЫЛЫМДАРЫ ЖӘНЕ СУ ӨТКІЗГІШ ҚҰБЫРЛАР КӨПІРЛЕРДІ ТАУЛЫ ЖӘНЕ ТАУ ЕТЕГІНДЕГІ ӨЗЕНДЕРДІҢ СУ ШАЙЫП КЕТУІНЕН ҚОРҒАУ ТАЛАПТАРЫ

СООРУЖЕНИЯ МОСТОВЫЕ И ВОДОПРОПУСКНЫЕ ТРУБЫ НА АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГАХ ТРЕБОВАНИЯ ПО ЗАЩИТЕ МОСТОВ ОТ РАЗМЫВА НА ГОРНЫХ И ПРЕДГОРНЫХ РЕКАХ

ҚР СТ 1859-2008

Ресми басылым

Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫНДАҒЫ КӨПІР ҚҰРЫЛЫМДАРЫ ЖӘНЕ СУ ӨТКІЗГІШ ҚҰБЫРЛАР

КӨПІРЛЕРДІ ТАУЛЫ ЖӘНЕ ТАУ ЕТЕГІНДЕГІ ӨЗЕНДЕРДІҢ СУ ШАЙЫП КЕТУІНЕН ҚОРҒАУ ТАЛАПТАРЫ

ҚР СТ 1859-2008

Ресми басылым

Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 «Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамы («ҚазЖолҒЗИ» АҚ), «Автомобиль жолдары» ТК 42 техникалық комитеті **ӘЗІРЛЕДІ**.

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті **ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2008 жылы 30 желтоқсандағы №670-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандартта «Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексі» және Қазақстан Республикасының «Автомобиль жолдары туралы» 2002 жылғы 17 шілдедегі № 245-II, «Техникалық реттеу туралы» 2004 жылғы 9 қарашадағы №603-II, «Жол қозғалысының қауіпсіздігі туралы» 1996 жылғы 15 шілдедегі № 29-1 Заңдарының нормалары іске асырылды.

Осы стандарт «Автомобиль жолдарын жобалау кезіндегі қауіпсіздік талаптары», «Автомобиль жолдарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптары» техникалық регламенттерімен үйлестірілген.

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ **2013 жыл**
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ **5 жыл**

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілетін өзгертулер туралы ақпарат «Стандартау жөніндегі нормативтік құжаттар» көрсеткішінде жария етіледі, ал өзгертулер мәтіні «Стандартау жөніндегі нормативтік құжаттар» ай сайынғы ақпараттық көрсеткішінде шығады. Осы стандартты қайта қарау немесе қолданыстан алып тастаған жағдайда тиісті ақпараттар «Стандартау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық көрсеткішінде жария етеді.

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

1 Қолданылу саласы	1
2 Нормативтік сілтемелер	1
3 Терминдер мен анықтамалар	1
4 Жалпы ережелер	3
5 Тіреулер мен көпір асты арналарды бекіту кезінде қойылатын талаптар	4
6 Су ағындарын реттеу кезінде қойылатын талаптар	11
А қосымшасы (анықтамалық). Шығарынды конустарының қиылысу кезінде судың есептік деңгейлері белгілерін анықтаудың жуықтау тәсілі	19
Б қосымшасы (анықтамалық). Коэффициент бойынша табиғи арналарға арналған кедір-бұдырлық	21

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫНДАҒЫ КӨПІР ҚҰРЫЛЫМДАРЫ ЖӘНЕ СУ ӨТКІЗГІШ ҚҰБЫРЛАР

КӨПІРЛЕРДІ ТАУЛЫ ЖӘНЕ ТАУ ЕТЕГІНДЕГІ ӨЗЕНДЕРДІҢ СУ ШАЙЫП КЕТУІНЕН ҚОРҒАУ ТАЛАПТАРЫ

Енгізілген күні 2009-07-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт барлық санаттағы және селді ағынды суларда орналасқан көпірлерді есептемегенде Қазақстан Республикасының барлық климаттық аумақтарында жалпы пайдалануға арналған автомобиль жолдарына орналасқан тұрақты көпірлерге қолданылады және көпірді судың шайып кетуінен қорғаудың негізгі тәсілдерін қолдану кезіндегі талаптарды белгілейді.

Стандартты автомобиль жолдарын және олардағы құрылысты жобалауды, салуды және пайдалануды, сондай-ақ оларды бақылауды өз құзырет шегінде жүзеге асыратын мемлекеттік органдар, кәсіпорындар мен ұйымдар қолданады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта мынадай стандарттарға сілтеме пайдаланылды:

ҚР СТ 1053-2002 Автомобиль жолдары. Терминдер мен анықтамалар.

ҚР СТ 1684-2007 «Автомобиль жолдарындағы көпірлік құрылыстар мен су өткізгіш құбырлар. Жобалау бойынша жалпы талаптар».

Ескертпе – Осы стандартты пайдалану кезінде үстіміздегі жылдың 1 қаңтарында берілген «Стандартау жөнідегі нормативтік құжаттар» көрсеткіші бойынша және үстіміздегі жылы жарияланған тиісті ақпараттық көрсеткіштер бойынша сілтеме құжаттардың қолданылуын тексеру керек. Егер сілтеме құжат ауыстырылған (өзгертілген) жағдайда, онда сілтеме берілген ережеде осы сілтеме жатпайтын бөлігінде қолданылады. Егер сілтеме құжат ауыстырылмай алынып тасталған жағдайда, онда сілтеме берілген ережеде осы сілтеме жатпайтын бөлігінде қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта ҚР СТ 1053 бойынша терминдер, сондай-ақ тиісті анықтамаларымен бірге мынадай терминдер қолданылады.

3.1 Кезу арнасы (көп тармақтық арна): Барлық еніне ағын тасқынымен толатын, ал төменгі жағына қуаты әр түрлі жеке тармақтарға бөлінген терең емес кең жайылған арна.

3.2 Жоғарғы, төменгі бьеф: Көпірдің жоғарғы немесе төменгі ағыстары бойынша орналасқан өзен бөлігі.

3.3 Габион: Таспен толтырылған металл тордан жасалған жәшік (корап), төсеніш, цилиндр.

3.4 Тереңдік эрозиясы: Арна тереңдігіне енген, өзен арналарына қосылған тау жыныстары су ағындарының бұзылу процесі.

3.5 Тау өзені: Мынадай сипатты белгілері болатын су ағысы:

- айналымды беткейі болатын тар өзен аңғары;
- орташа бойлық аңғар еңісі 0,005 – 0,05 (бірлік үлеспен берілген);
- су ағынының жылдамдығы 3-5 м/с;
- біркелкі емес ағындар, тасты, көптеген жағдайда тау жыныстарының үйілген сынақтары;
- су жинайтын бассейннің бедері – таулы;
- қоректендіру көзі – нөсерлер, мұздақтар, биік тау қарлары.

3.6 Динамикалық тұрақты арна: Түбінің шайып кетуі болмайтын немесе тасынды түзілімдерсіз тасындылардың тек транзиттік қозғалысы болатын арна.

3.7 Көпірді судың шайып кетуінен қорғау: Көпір тіреуіндегі, үйінді конусындағы және реттеу құрылысындағы су ағыны әсерлері нәтижесінде пайда болатын судың шайылып кетуінің қауіпті тереңдігі болуынан сақтандыратын инженерлік іс-шаралар.

3.8 Шығарынды конусы: Қоршаған жерлердің үстінде жоғары шығып тұратын дөңес беттері болатын, таудан шығатын өзеннің шығу жерінде қоқыстың пайда болуы.

3.9 Су шығыны: Ағын судың уақыт бірлігіне көлденең қима арқылы ағып өтетін судың көлемі.

3.10 Судың есептік шығыны: Шығын шамасы көпірлік өтпе жол құрылыстарын жобалауға арналған қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес анықталды.

3.11 Өзен қоқыстары: Өзен арнасына су ағынымен ағып келетін сусымалық материал түріндегі жер қабатының бұзылуы өнімдері.

3.12 Арна процесі: Өзен ағынының әсеріне арнаны өзгерту.

3.13 Көпір асты қима: Көпірдің бойлық осі жазықтығындағы ағынның көлденең қимасы.

3.14 Көлденең реттеу құрылыстары: Реттеу құрылысының бойлық осьдері ағын бағытымен беттеспейді.

3.15 Тау етегі өзені: Мынадай сипатты белгілері болатын ағын су:

- аздаған жайылма немесе жайылмасыз, кең арнасы болатын өзен аңғары;
- орташа бойлық аңғар еңісі 0,0005 – 0,005;

- су ағынының жылдамдығы 1,5-3 м/с;
- жайылған арна, төменгі деңгейде жеке тармақтарға бөлінген, қиыршық таспен, малтатаспен, ұсақ қойтастармен салынған;
- су жинайтын бассейн бедері, төбелі немесе таулы;
- қоректендіру көздері – нөсерлер, мұздақтар, биік тау қарлары.

3.16 Ағынның қысылуы: Ағудың тұрмыстық шарттарымен салыстырғанда ағынның нақты қимасы ауданының азаюы.

3.17 Шпора (траверс): Үйіндіде немесе құрылыс жағасына жеке тұрған немесе жанау түрінде орындалатын көлденең реттеу құрылысы.

4 Жалпы ережелер

4.1 Көпір құрастырылымында арна процесін дамыту және су ағыны әсері нәтижесінде көпір асты қимасындағы белгілі бір жағдайда шайындылар көпір тіреуін, үйінді конустарын, тиісті үйінділерді және реттеу құрылыстарын шайып кетуге себеп болатын шайындылар оларды бұзылуына әкеп соғады, оның себебі осы құрылыстарды судың шайып кетуінен қорғау дәрежесінің жеткіліксіздігінен болады.

4.2 Көпірді қорғау тәсілдері туралы шешімді қабылдау үшін көпірлік өтпе жол құрылысы ағыстан шығуына әкелетін судың шайып кету түрін белгілеу керек.

4.3 Шайып кетудің 4 түрі бар, олардың әрқайсысында шығудың өзіндік себептері бар.

Жалпы шайынды көпірмен ағатын ағындысымен қысылуы салдары болып табылады, оның нәтижесінде ағыс жылдамдығы артады және оның ауданын арттыра отырып, барлық көпір асты қимасы бойынша топырақты шығарады.

Жергілікті шайындылар көпір тіреуіне, еңістер және конус қабырғалары, реттеу және көпір тәсілі аумағында орналасқан басқа да құрылыстарда өзен ағыны өтуі кезінде пайда болады. Жергілікті шайындыларда кездескен кедергілерде құйғыш түрі болады.

Жинақталған шайынды табиғи арналарды қайта жасақтау нәтижесінде дамиды және нақты қима ауданын болымсыз өзгертусіз түбінің қарқынды шайып кетуіне және тереңдікті қайта бөлуге әкелетін өзен арнасындағы және көпір астында ағынның нақты қимасының бөлек жерлерінде су шығынының концентрация салдары болып табылады.

Тереңдік эрозиясы (арнаны өзен аңғарының тереңдігінде болу) арнаның тұрмыстық еңісі i_y динамикалық тұрақты арнаның еңісінен артық болатын өзен маңайында болады және мына формула бойынша анықталады.

$$i_y = \alpha \times \left(\frac{d_{ср}}{H} \right)^x \qquad (1)$$

мұндағы $d_{ср}$ – арнаға жанасатын топырақ бөліктерінің орташа диаметрі, м;

Н – ағынның орташа тереңдігі, м;

α, x – 1-кесте бойынша анықталады.

1-кесте

$d_{ср}/H$	0,01	0,02	0,03	0,05	0,1	0,2	0,3	0,5	1,0
α	0,05	0,06	0,07	0,09	0,12	0,17	0,20	0,26	0,35
x	0,75	0,84	0,90	0,95	1,05	1,16	1,22	1,32	1,45

Жалпы, жергілікті және жинақталған шайындылардың тереңдігі жобалау практикасында қабылдаған әдістеме бойынша анықталады, ал анықталған жағдайда осы стандарт нұсқаулығына сәйкес орындалады.

5 Тіреулер мен көпір асты арналарды бекіту кезінде қойылатын талаптар

5.1 Көпір және көпір асты арналар тіреулерін бекіту үшін тас үйіндісі, жиналмалы бетон және темір бетон плиталарды, монолиттік бетон және габион құрастырылымдарын қолдануды ұсынады.

Жергілікті шайынды шұңқыр формасы тіреуін бекіту құрастырылымының параметрлерін анықтау кезінде 1-суретте көрсетілген сұлба бойынша қабылданады.



m_o – Топырақ нақты еңісінің орналасу коэффициенті 2-кесте бойынша қабылданады;
ℓ - тіреу ұзындығы; b – тіреу ені

1-сурет – Ағынның қалыпты өту кезіндегі жергілікті шайынды шұңқырының жоспары

5.3 Тіреудің төменгі қырларын азайтатын h_s тіреуінің бүйір қырларындағы жергілікті шайындының есептік тереңдігі мына формула бойынша анықталады.

$$h_s = h_м - 0{,}1S \quad (2)$$

мұндағы $h_м$ – жергілікті шайындының есептік тереңдігі (тіреудің салт жағында);

S – тіреудің салт қырынан бүйір қырларының бойымен тереңдігін анықтау орынға дейінгі арақашықтығы, м.

Тіреуге ағынның қиғаш өту кезінде h_s тереңдігі тіреудің барлық ұзындығына $h_м$ тереңдігіне тең қабылданады, ал сұлбаланған шұңқыр жиегін $m_o \times h_м$ тең, тіреу қырларынан бірдей арақашықтықта қабылдау керек. m_o мәні 2-кестесі бойынша қабылданады.

Жергілікті шайынды тереңдігі есептік шамадан (есептік тасқын кезінде) артпайтын жерлерде тіреу бекітілмейді.

2-кесте

	Қабыспаған топырақ, d, мм							Қабыскан топырақ
	0,1-0,5	0,5-1	1-2	2-5	5-10	10-100	100	
m_o	1,75-1,65	1,65-1,60	1,60-1,55	1,55-1,45	1,45-1,40	1,40-1,25	1,25	1,0

5.4 Тіреуді тас үйіндімен бекіту әр түрлі екі сұлба арқылы орындалуы мүмкін: бірінші сұлба бойынша үйінді тіреуде жергілікті шайынды шұңқыры болмаған кезде салынады (2-сурет), екінші сұлба бойынша есептік немесе арнайы салынатындардан кем тасқын болуы кезінде пайда болатын шұңқырға тас салынады (3-сурет).



$d_к$ – үйіндідегі тастың ірілігі; $h_к$ – тас үйіндінің биіктігі;
$h_{мк}$ – жергілікті шайындының тереңдігі

2-сурет - Жергілікті шайындының шұңқыры болмаған кезде салынған үйінді



1 – судың есептік шығыны кезінде бекітпей, жергілікті шайынды шұңқырының еңісі;
2 – көпірді пайдалану кезеңінде өткен немесе бекітуді салу кезінде арнайы орындалған есептегеннен кем су шығыны кезінде жергілікті шайынды шұңқырының еңісі;
3 – жалпы негізгі шайындыдан кейінгі түп желісі; 4 – шайындыдан кейінгі шұңқырдағы тастың қабаты; $h_м$ – бекітпе салынбаған судың есептік шығыны кезіндегі жергілікті шайынды тереңдігі; $h_{мк}$ – бекітпе салынбаған судың есептік шығыны кезіндегі (негізгі) жергілікті шайынды тереңдігі

3-сурет – Тіреудегі шайынды шұңқырына салынған үйінді

5.5 Шайындыға дейін шұңқыр сыртына құру кезінде тас үйіндінің есептік параметрлері мынадай ретпен анықталады:

- тастың ірілігі $d_к$, м, мына формула бойынша есептеледі

$$d_к = \frac{\upsilon^2}{14,4} \qquad (3)$$

мұндағы υ – тіреудегі ағын жылдамдығы, м/с;

- $h_к$ үйінді биіктігі (2-сурет) тастың ірілігінен және $h_м$ жергілікті шайынды тереңдігіне қарай 3-кесте бойынша қабылданады;

3-кесте

метрмен берілген

$d_к$	$h_к$ / $h_м$								
	1,0	1,5	2,0	2,5	3,0	3,5	4,0	4,5	5,0
0,15	0,86 1,0	0,96 1,26	1,07 1,3	1,16 1,4	1,25 1,5	1,34 1,60	1,41 1,70	1,48 1,8	1,54 1,9
0,20	1,1 1,3	1,22 1,50	1,32 1,6	1,42 1,7	1,51 1,8	1,60 1,9	1,68 2,0	1,76 2,1	1,84 2,2
0,25	1,32 1,6	1,44 1,70	1,54 1,8	1,65 2,0	1,71 2,1	1,84 2,2	1,94 2,3	2,02 2,4	2,10 2,5

Ескертпе – алымында $h_к$ биіктігінің ең кіші мәні, бөлімінде - ұсынылатын.

- әр жақтары болатын үйіндінің көлденең қимасының ауданы ω, $м^2$, мына формула бойынша есептеледі

$$\omega = 2{,}08h_м \times d_к + 26{,}8d_к^2 \quad (4)$$

- әр қабырғалары болатын көпір асты тіреудегі ағынның нақты қимасының қысылу ауданы $\omega_{ст}$, $м^2$ мына формула бойынша есептеледі.

$$\omega_{ст} = 27d_к^2 + 9h_м \times d_к + h_м^2 \quad (5)$$

Нақты қимасының қысылуы көпір астындағы жалпы шайындының тереңдігін есептеу кезінде ескерілуге тиіс.

h_s тереңдіктері үшін $h_к$, ω және $\omega_{ст}$ параметрлерінің мәндері 3-кесте бойынша анықталады және $h_м$ орнына h_s ала отырып (4) және (5) формула бойынша анықталады.

5.6 Жергілікті шайынды шұңқыр формасында тереңдетуді пайдалана отырып, тіреудегі тас үйіндісін іргетастың жеткіліксіз тереңдігі кезінде тереңдікті төмендету үшін қолдану керек.

5.7 Шұңқырда орналасқан таспен бекітілген тіреудегі жергілікті шайындының тереңдігі мына формула бойынша анықталады:

$$h_{мк} = \frac{0{,}5d_к \times h_м^2}{\overline{W}_к} \quad (6)$$

мұндағы $\overline{W}_к$ - іргетас ұзындығы 1 м, тас үйіндінің меншікті көлемі, $м^3$ 1-суреттегі сұлба бойынша қабылданады.

(6) формуласы мына шарттар кезінде ақиқат.

$$0{,}5d_к \times h_м \le \overline{W}_к \le 0{,}3\frac{d_к \times h_м^2}{h_к} \quad (7)$$

Ескертпе – Тіреу ұзындығы бойынша шайындыларды есептеу кезінде 3-кестедегі және (6) және (7) формулаларындағы $h_м$ мәндері h_s деп алмастырылады.

5.8 Тасқын болған жағдайда үйіндіні салу кезінде тіреу үйіндісін тіреуден тастың жылжып кетуі шайынды шұңқырына тас түсетіндей арақашықтықта көпір ағынынан жоғары орналасқан шайып кету құралдарынан алып кету керек. 5 м дейін ағын тереңдігі кезіндегі тас жылжуының $\ell_{от}$, м, шамамен алынған арақашықтығы 4-кестеде көрсетілген.

4-кесте

Ағын жылдамдығы, υ, м/с	1,5	2,0	2,5	3,0
Тастың ірілігі, $d_к$, м	0,15	0,20	0,25	0,30
Жылжу арақашықтығы, $\ell_{от}$, м	5,0	5,5	6,2	7,0

Ағынмен бірге жылжу кезіндегі тас көлемінің азаюын ескере отырып, оның көлемін есептеумен салыстыру кезінде екі есе арттыру керек.

5.9 Тіреулерді габиондармен бекіту әдетте, 4 м/с артық ағын жылдамдығы кезінде және су болмаған жағдайда немесе ағын терендігі таяз кезде қолдану керек.

5.10 Аралық тіреулерді бекіту үшін қораптылармен бірге төсеніш габиондарды қолданады.

Габиондарды өз мен тіреудің арасын біріктіріп, тіреу маңайына таратып салу керек.

Тіреуді габиондармен бекіту ені $L_т$, м, мына формула бойынша анықталады.

$$L_т = 2 + 2{,}46h_м \qquad (8)$$

5.11 Барлық көпір асты арнаны бекіту 4-суретте көрсетілген сұлба бойынша орындалу керек.



1 - бекіту; 2 – тастан жасалған рисберма; 3 – үйінді конусы;
4 – шпунттік қоршау (орынды салынады)

4-сурет – Көпір асты арнаны бекіту сұлбасы

5.12 Көпір асты арнаны тас үйіндімен бекіту кезінде тас ірілігі $d_к$, м, мына формула бойынша есептеледі.

$$d_к = \frac{0{,}58q_{max}^4}{q^2 \times h_{max}^5} \qquad (9)$$

мұндағы q_{max} – көпір асты қимадағы судың ең жоғары меншікті шығыны $м^2/с$, 1,2q кем емес қабылданады;

q – көпір асты қимадағы судың орташа меншікті шығыны, $м^2/с$;

h_{max} – көпір астындағы ағынның ең үлкен тереңдігі, м.

Орташа шығын q мына формула бойынша анықталады

$$q = \frac{Q_{p\%}}{L_м} \quad (10)$$

мұндағы $Q_{p\%}$ - судың есептік шығыны, $м^3/с$;

$L_м$ – көпірдің саңылауы, м.

Ең үлкен шығын q_{max} мына формула бойынша анықталады

$$q_{max} = q \times \left(\frac{h_{max}}{H}\right)^{1,67} \quad (11)$$

мұндағы Н – көпір астындағы ағынның орташа тереңдігі, м, тұрмыстық жағдайда.

Аралық тіреудің бекітілген арнасындағы болған кезде тастың ірілігі, $d_к$, м, мына формула бойынша анықталады.

$$d_к = 0,077\upsilon_{оп} \times \left(\frac{b}{h_{оп}}\right)^{0,5} \quad (12)$$

мұндағы $\upsilon_{оп}$ – тіреу алдындағы ағын жылдамдығы, м/с;

b – жергілікті шайындыны есептеу кезінде анықталатын тіреудің есептік ені, м;

$h_{оп}$ – тіреу алдындағы ағын тереңдігі, м.

Көпір асты арнаны бекіту үшін (9) және (12) формулалар бойынша алынған тастың ең үлкен өлшемі қолданылады.

Көпірдің жоғарғы және төменгі бьефтерде бекітілгеннен кейін жергілікті шайынды тереңдігі мына формула бойынша анықталады.

$$h_м = \frac{0,45}{K_р} \times \left(\frac{q_{max}}{d_{ср}^{0,25}}\right)^{0,8} - H \quad (13)$$

мұндағы $K_р$ – ағынның орташа жылдамдығының қатынасына қарай 5-кесте бойынша қабылданатын шайынды шұңқырына қоқыстардың түсуін ескеретін коэффициент, v, м/с, және арна топырағы үшін шайылу жылдамдығы, v_o, м/с;

$d_{ор}$ – қосылатын арна топырағының орташа өлшенген диаметрі.

5-кесте

$\frac{\upsilon}{\upsilon_o}$	1,2	1,4	1,6	1,8	2,0	2,2	2,4	2,6	2,8	3,0
$K_р$	1,16	1,31	1,47	1,62	1,75	1,89	2,303	2,17	2,30	2,42

Көпірдің төменгі бьефінде $K_р$ 0,5 дәрежесі қабылданады.

5.13 Жоғарғы және төменгі жақтардан көпір асты бекітпені қорғау үшін тасты рисберма салу керек.

Тасты рисберма болған кезде $h_{мк}$, м, бекіту алдындағы және бекіткеннен кейінгі жергілікті шайынды тереңдігі мына формула бойынша анықталады.

$$h_{мк} = h_м \times \left(\frac{d_{ср}}{d_к}\right)^{0,33} + 0,5\frac{d_к \times h_м^2}{\overline{W}_{кр}} \qquad (14)$$

мұндағы $h_м$ – рисберма болмаған кездегі шайынды тереңдігі, м;

$\overline{W}_{кр}$ - рисбермадағы тастың меншікті көлемі, $м^3$, рисберма ұзындығының 1 м – іне, мына формула бойынша анықталады.

$$\overline{W}_{кр} = 1,2d_к \times h_м \times (1 + m_o^2)^{0,5} \qquad (15)$$

мұндағы $h_м$ – (13) формула бойынша анықталатын бекітудің төменгі және жоғарғы бьефтеріндегі жергілікті шайындының тереңдігі;

m_o – қосылатын арна топырағының табиғи еңісінің салу коэффициенті 2-кесте бойынша қабылданады.

5.14 Шайындылардың болымсыз тереңдігі немесе тас тапшылығы кезінде дербес құрастырылым сияқты немесе рисбермалары болатын құрамада пайдалана алатын шпунт қоршауын бекіту басында және соңында қолдану мүмкіндігін қарастыру керек.

5.15 Рисбермасы болатын шпунтты салу кезінде жергілікті шайындының тереңдігін екінші қосумен 0,5 коэффициентті 0,13 ауыстыра отырып, (14) формула бойынша анықтайды.

5.16 Көпір асты арналарды бекіту басында және соңында тас рисбермалары болатын шпунт қоршауын салу кезінде шпунтты батырудың тиісті қолайлы тереңдігіндегі $h_{рш}$, м, рисбермадағы шайындының тереңдігі мына формула бойынша анықталады:

$$h_{рш} = h_м \times \left(\frac{d_{ср}}{d_к}\right)^{0,33} + 0,36h_м \times \left(\frac{d_к \times C_к}{C_ш}\right)^{0,5} \qquad (16)$$

мұндағы $C_к$ және $C_ш$ – 1 $м^3$ тастың және 1 $м^2$ шпунт қоршауының сәйкесінше құндылығы.

Тиімді $h_{рш}$ тереңдігі үшін $\overline{W}_{рш}$, $м^3$/м тастың қажет етілетін меншікті көлемі мына формула бойынша анықталады:

$$\overline{W}_{рш} = \frac{0,13d_к \times h_м^2}{h_{рш} - h_м \times \left(\frac{d_{ср}}{d_к}\right)^{0,33}} \qquad (17)$$

5.17 Бетон плиталарды бекіту үшін қолданған жағдайда олардың қалыңдығы δ, м, мына формула бойынша анықталады.

$$\delta = 0,05 \times \eta \times \upsilon^2 \qquad (18)$$

Мұндағы η – жабық жіктері болатын плиталар үшін 0,5 және ашық жіктері болатын плиталар үшін 0,35 тең коэффициенті;

υ – ағынның есептік жылдамдығы, м/с.

5.18 Монолиттік бетонмен бекіту кезінде бетон қабатының қалыңдығы 12 см кем болмауға тиіс.

Бекіту ауданы ені 3 см өтпе жіктері болатын өлшемі 2х3 м артық емес карталарға бөлінуге тиіс. Карталарды А240 арқау классты, диаметрі 6 мм өзекшеден жасалған, 20х20 см ұяшықтары болатын металл тормен бекемдеу керек.

Монолитті бетонды қалыңдығы 10 см кем емес, қиыршық тасты негізге салу керек.

5.19 Арнаны бекіту үшін қолданылатын бетонның беріктігі құрастырылымдары В20 төмен емес бетон класына сәйкес келуге тиіс.

Бетонның суыққа төзімділігі бойынша маркасы ҚР СТ* талаптарына сәйкес келуге тиіс.

Бетонның су өткізбеушілігі бойынша маркасы W6 төмен болмауға тиіс.

6 Су ағынын реттеу кезінде қойылатын талаптар

6.1 Жинақталған шайындылар кезіндегі көпірлерді қорғау кезіндегі негізгі іс-шаралар көпір астындағы негізгі қимада ағын шығынын біркелкі бөлуге жағдай туғызу мақсатында су ағынын реттеу болып табылады.

6.2 Кезу өзендеріндегі $L_м$, м көпірлердің саңылауы қоқыс жиналу арнасы бойынша қозғалатын судың есептік шығынын жіберу үшін жеткілікті болуға тиіс және мына шарттарға сәйкес келуге тиіс:

$$L_м \geq 0{,}25B_{зб} \qquad (19)$$

мұндағы $B_{зб}$ – кезу аумағының ені, м.

6.3 Кезу аумағының енін өзен аңғарының учаскелерінде құру және формасы бойынша бірдей таңдалған 15-20 жармалар енінің ең үлкені ретінде анықтау керек. Егер мұндай анықтама орындалуға мүмкін болса, кезу аумағының ең үлкен ені $B_{зб}=12B_у$ тең деп есептеледі, мұндағы $B_у$ – тұрақты арнаның ені мына формула бойынша анықталады.

$$B_у = A \times \frac{Q_{5\%}^{0,5}}{i^{0,2}}, \text{ м} \qquad (20)$$

Мұндағы А – 6-кесте бойынша қабылданады;

$Q_{5\%}$ - арту ықтималдығының 5% шығыны, $м^3/с$;

і – көпірлік өту аумағында өзен арнасының бойлық еңісі, бірлік үлестермен берілген.

6-кесте

Өзен маңайының сипаты	Арнаға қосылатын топырақ	А
Таулы	Жұмыр тас, ірі малта тас	0,7-0,9
Тау етегі	Малта тас, қиыршық тас, құм	0,9-1,0

Егер (19) шарт сақталмаса, онда көпір асты арнаның жоғарғы бьефіндегі қоқыстар көлемі бөлігінің тоқталу немесе көпір асты ағынның негізгі қимасындағы жиналған қоқыстардан қысылу салдарынан туындайтын жинақталған шайындылардың көпір тіреуі үшін болуы мүмкін қауіптен қорғау іс-шараларын қарастыру керек.

6.4 Жұмыр–қой тасты арналары болатын өзеннің кезу аумағының қысылу кезінде көпір саңылауының шамасына дейін (5-сурет) кезу аумағын тарылтатын бойлық бөгет түріндегі капитал типті реттеу құрылыстарын қолдану керек.

Бөгеудің ішкі еңісін бекіту типін жеңілдету үшін көлемді құрастырылымның Г – тәрізді көрінетін темір өкше жүйесін қолдану керек.



1- көпір; 2 – кезу аумағының шегі; 3 – күшті бекітпесі болатын бөгет;
4 – жеңілдетілген бекітпесі және өкше темірі болатын бөгет; 5 – «өкше темір» типті бөгет геометриясы;
а) реттеу сұлбасы; б) схема Г-тәрізді өкше темірдің сұлбасы

6-сурет - Тұтас бөгеттері болатын ағынды реттеу сұлбасы

6.5 Кезу аумағының ені үлкен кезде және өзен арнасына қосылатын қиыршық–жұмыс–қой тасты топырақтарда құрастырылымы көлемді темір өкше көмегімен орындау керек (7-сурет).



1 – көпір; 2 – жаға сызығы; 3 – темір өкше; 4 – темір өкшемен ағын бағытының сызығы

6-сурет – Темір өкше ағынын реттеу

6.6 Шығарынды конустарда су ағынын реттеу аңғардан шығу кезіндегі (7а суреті) ағынды ұстап тұратын бөгеттер немесе қысқа бөгет жүйесінің көмегімен жүргізу керек. Мүмкін болған кезде жолдың қисық сызықты батыңқы кескіні пайдаланылады (7 б суреті).



1 – көпірлік өту жолы; 2 – ұстап тұратын бөгет;
3 – жеке тармақтардан асып кететін және көпір ағынына бағытталатын қысқа бөгеттер: 4 – үйіндідегі темір өкше; 5 – бөгеттер

7-сурет – шығарынды конустарындағы ағынды реттеу

6.7 Құм және малта тас түріндегі арна шөгінділері кезіндегі үлкен өзендерде пайдалану процесінде құрылысты жеңіл жөндеу және жетілдіруге

мүмкіндік беретін тас–шөпшек салудың қысқа бөгет – темір өкше жүйесін ағынды реттеу үшін қолдану керек (8-сурет).



1 – көпір; 2 – арнаның кезу аумағының шегі ; 3 – темір өкше бөгеттері

8-сурет – Арнаның ұсақ топырақ кезінде ағында реттеу

Темір өкшенің ұсынылатын ұзындығы 50-70 см. Темір өкше ағын айналуын болдырмау үшін оның алдыңғы бөлігі жағаға берік бекітілуге тиіс.

6.8 Көлемді бөгеттер мен темір өкшелердің денесін құмды – қиыршық тасты топырақтардан салу керек.

Жоғарғы жағы бойынша құрылыс ені темір өкше үшін 2 бастап 4 м дейін, бөгеттер үшін 3 бастап 5 дейін қабылдау керек, бөгет немесе темір өкшенің қосылатын дене топырақ түріне қарай 2 бастап 3 дейін арна еңістерін салу керек.

Бөгеттер мен темір өкшелердің арна еңістері толқын, карче жүрісі және мұз әсерлеріне, ағын жылдамдығы шамаларына сәйкесінше бекітілуге тиіс.

6.9 Жоспардағы арна бөгеттері эллипс немесе логарифмдік қисықтармен кескінделуге тиіс. Жаға бойымен жанасатын учаскелер тік сызықты бола алады.

6.10 Бөгеттің алдыңғы бөлігі кезу аумағының есептік шамасына дейін кеңейтілген жағдайда ағын бөгетінің айналуын болдырмайтын ұзындықта жағада ойылуға тиіс.

6.11 Өту жармасынан жоғары кезу аумағын қысатын арналық реттеу құрылысының жоғарғы белгілері көпір үшін қабылданған арттыру ықтималдығында тасқынды жіберуге есептелуге тиіс.

$H_в$ арналық жоғарғы бөгеттер қабағының минимальды белгілері мына формула бойынша есептеледі.

$$H_в = УВВ_{р\%} + \Delta h_в + h_н + \Delta h_{наб} + 0{,}5м \qquad (21)$$

Мұндағы $УВВ_{р\%}$ - қимада қарастырылатын жоғары су деңгейінің белгісі, м;

$\Delta h_в$ – көпір алды тіреу, м;

$h_н$ – бөгет еңісіндегі желді толқын қабатының биіктігі, м;

$\Delta h_{наб}$ – Бөгет еңісіндегі судың өту биіктігі , м.

6.12 Төменгі бөгеттер $(0,3\div0,5)L_м$ ұзындығымен қабылданады, мұндағы $L_м$ – көпір саңылауы, $H_н$ төменгі бөгеттер төбесінің минималды белгілері мына формула бойынша есептеледі, м.

$$H_н = УВВ_{р\%} + h_н + \Delta h_{наб} + 0,25м \quad (22)$$

6.13 Реттеу құрылысын жобалау кезінде бойлық бөгеттер мен көлденең темір өкшелер ағынының қысылу учаскелеріндегі жалпы шайындылар ескерілуге тиіс.

6.14 Темір өкше басындағы жалпы шайындының тереңдігі $h_{шп}$, м, көлденең құрылыс ағыны қысылуы кезінде мына формула бойынша анықтау керек.

$$h_ш = \left(\frac{q_ш}{v_1\beta}\right)^x \quad (23)$$

мұндағы $q_ш$ – (24) формула бойынша анықталатын темір өкше басындағы судың элементар шығыны, $м^3/с$;

υ_1 – 1 м м/с, тереңдіктегі динамикалық тепе–теңдік жылдамдығы және x дәрежесінің көрсеткіштері – арна шөгіндісінің орташа диаметріне $d_{ср}$ қарай 7-кесте бойынша анықталады;

β - тасқынның көбею р, % ықтималдығына байланысты 8-кесте бойынша қабылданады.

$$q_ш = \frac{Q_{р\%}}{B_{ст}} \times \left(\frac{h_ш}{H_{ст}}\right)^{1,67} \quad (24)$$

мұндағы $Q_{р\%}$ - арнаға өтетін тасқын көбею ықтималдығының су шығыны, $м^3/с$;

$B_{ст}$ – қысылғаннан кейінгі арна ені, м;

$h_ш$ – шайындыға дейін темір өкше басындағы судың тереңдігі, м;

$H_{ст}$ - шайындыға дейін қысылу учаскедегі арнаның орташа тереңдігі, м.

7-кесте

$d_{ср}$, мм	0,25	0,50	1,0	2,5	5,0	10,0	25,0	50,0	100,0	250,0
v_1, м/с	0,43	0,56	0,68	0,88	1,06	1,29	1,68	2,03	2,46	3,18
y	0,70	0,71	0,71	0,72	0,74	0,74	0,76	0,77	0,78	0,80

8-кесте

р, %	1	2	3	5	10
β	1,0	0,97	0,94	0,91	0,86

6.15 Бөгеттердегі және көлемді темір өкшелердің алдыңғы бөлігіндегі жергілікті шайындылардың тереңдіктері қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес анықталуға тиіс.

6.16 Шығарынды конустарын қиылысу кезінде мүмкін болмаған жағдайда жергілікті жерде судың есептік деңгейін белгілеу керек, оларды А қосымшасында көрсетілген жуықтау тәсілімен анықтау рұқсат етіледі.

6.17 9-суретте көрсетілген бойлық кескіні болатын шығарынды конусында көпірді орналастыру кезінде Δh, м арнасының тұрмыстық шайындының туындау мүмкіндігін ескеру керек. Мұны бойлық кескінде бағалау үшін парабола қисығын таңдау немесе конус деңестігін жинайтын хорда жүргізу керек. Δh шамасы көпір тірегінің іргетасын салу белгілерін белгілеу кезінде ескеріледі.



1 – конустың бойлық кескіні;

2 – тұрмыстық шайындыдан кейін парабола бойынша мүмкіндігінше кескінді көрсету;

3 – тұрмыстық шайындыдан кейін хорда бойынша мүмкіндігінше кескінді көрсету.

9-сурет – Шығарынды конусындағы арнаның бойлық кескінің сұлбасы

Егер өтпе осьден төмен жармаларда көпір асты жармалардан қарағанда қоқыстардың ірілеу фракциялар болғанда, хордамен анықталған Δh шамасы есептеуде қабылдауға тиіс.

6.18 Үлкен емес таулы су ағындарында эрозия тереңдігін болдырмау үшін баспалдақ кескін қоқыстарды бөлгеннен кейін түп еңістерін төмен түсіретін және бойлық кескінге беретін бөгесін салу керек (10-сурет).



H – динамикалық тұрақты арнадағы ағын тереңдігі; $i_δ$ – бөгесіндерді салғанға дейін еңістер; i_y – динамикалық тұрақты арна еңісі

10-сурет - Бөгесіндерді орналастыру сұлбасы

Бөгесіндерді тас қалаудан, бутобетоннан, бетоннан және темірбетоннан жасалған арнаның барлық енінде орындау керек.

Керпеш биіктігі 1-3 м шегінде қабылданады.

L, м, қабырғалардың арасындағы арақашықтығы мына формула бойынша анықталады

$$L = \frac{\Delta P}{i_\delta - i_y} \qquad (25)$$

мұндағы ΔP – керпеш биіктігі, м;

$i_δ$ - көпір учаскедегі су ағыны түбінің еңісі, бірлік үлесінде;

i_y – (1) формула бойынша анықталатын арнаның динамикалық тұрақты еңісі, бірлік үлесінде.

Керпештерді есептеу кезінде ағын параметрлері мына формулалар бойынша есептелуге тиіс:

- арнадағы меншікті есептік шығыны, $м^2/с$

$$q = \frac{Q}{B} \qquad (26)$$

мұндағы: Q – судың есептік шығыны, $м^3/с$;

B – ағын ені, м;

- суағар табалдырығындағы алмағайып тереңдігі $H_{кр}$, м

$$H_{кр} = 0{,}48q^{0{,}67} \qquad (27)$$

- алмағайып тереңдігіндегі орташа жылдамдығы $υ_{кр}$, м/с

$$\upsilon_{кр} = \frac{q}{H_{кр}} \quad (28)$$

- Z_o деңгейлерінің құламасы, м

$$Z_o = \Delta P + H_{кр} + 0{,}056\upsilon^2_{кр} - H \quad (29)$$

мұндағы Н – бұру арнасындағы орташа тереңдігі, м;

- шайынды шұңқырға кіру кезіндегі көлбеудің tgα тангенс бұрышы

$$tg\alpha = \frac{4{,}4Z_o^{0.5}}{\upsilon_{кр}} \quad (30)$$

- шайынды шұңқырдағы судың тереңдігі t, м, бекітпе болмаған жағдайда

$$t = K_\alpha \times q^{0.5} \times Z_o^{0.25} \quad (31)$$

мұндағы Кα - 11-кесте бойынша қабылданатын коэффициент.

11 – кесте

tgα	0	0,2	0,5	0,8	1,7
K_α	1,4	1,7	2,0	2,4	2,7

- шұңқырдағы $t_н$ қабырғасына тас үйінді салу кезіндегі судың тереңдігі, м

$$t_н = \frac{0{,}72 \times q^{0.75} \times \Delta P^{0.375} \times d_{ср}^{0675} \times Z_o^{0.2}}{d_н^{0.7} \times d_{max}^{0.75}} \quad (32)$$

мұндағы d_{max} – үйіндідегі тастың ең үлкен диаметрі, м;

$d_н$ – үйіндідегі тастың орташа диаметрі, м;

- тікелей құлама қабырғасындағы судың тереңдігі $t_н$, м

$$t_н = 0{,}63t \quad (33)$$

- Р қабырғасының толық биіктігі, м

$$P = \Delta P + t - H, м \quad (34)$$

- бекіту учаскесінің ұзындығы, ℓ, м

$$\bullet = (4 \div 5) \times P \times H_{кр} \quad (35)$$

А қосымшасы
(анықтамалық)

Шығарынды конустарының қиылысу кезінде судың есептік деңгейлері белгілерін анықтаудың жуықтау тәсілі

Шығарынды конустарында және кеңейтілген кезу аумағында ағынды судың есептік деңгейлері мынадай тәсілмен белгілене алады:

(20) формула бойынша B_y тұрақты арнаның ені есептеледі, оны тік сызықтармен шектейді және осы учаскеде Q=f(H) қисығын салады. Шығарынды конустарындағы тұрмыстық тереңдігін анықтау сұлбасы А.1 суретінде көрсетілген.



А.1 суреті – Шығарынды конустарындағы тұрмыстық тереңдігін анықтау сұлбасы

Ені B_y учаскеде $Q'=\xi Q_p\%$ шығын ағып өтеді, мұндағы ξ - өту арақашықтығынан конустың төбесіне дейінгі арақашықтыққа байланысты 0,8 бастап 1,0 дейін қабылданатын шығарынды конусындағы ағынның ағып өту коэффициенті (ξ=1 конус төбесінде немесе 8 а суретіндегі сұлба бойынша ағынды реттеу кезінде).

Q=f(H) қисығын салу кезінде ағын жылдамдығы v, м/с, мына формула бойынша анықталады

$$\upsilon = \frac{A \times H^{x}}{n} \times i^{0,5} \times \cos\alpha \qquad (A.1)$$

мұндағы H – ағынның тереңдігі, м;

$H \geq 1,8$ болғанда A=1, x=0,67 қабылданады; H<1,8 болғанда AH^{x} көбейтінді А.1 кесте бойынша қабылданады;

i – бірлік үлесіндегі ағынның бос бетінің бойлық еңісі;

α - ағын бағыты арасындағы және морфожармаға перпендикуляр бұрыш;

n – М.Ф. Сриб жіктеуі бойынша кедір–бұдырлық коэффициенті Б қосымшасына сәйкес қабылданады.

А.1 кестесі

H	0,2	0,4	0,6	0,8	0,9	1,2	1,4	1,8
$АН^x$	0,61	0,74	0,86	0,97	1,02	1,17	1,28	1,48

Q=f(H) байланысты Q' шығынына тиісті $H_ф$ белгіленген орташа тереңдігін табады. Бұдан әрі шайындыдан кейін арнаның орташа $H_{пр}$, м тереңдігін мына формула арқылы есептейді.

$$H_{пр} = C \times \left(\frac{Q'}{B_y} \right)^z \qquad (А.2)$$

Мұндағы, өлшемсіз С коэффициентінің және z көрсеткішінің мәндері А.2 кестесі бойынша қабылданады.

А.2 кестесі

d, мм	z	C	d, мм	z	C	d, мм	z	C
2,0	0,72	1,144	18,0	0,75	0,727	140,0	0,79	0,455
2,5	0,72	1,096	20,0	0,76	0,710	160,0	0,79	0,441
3,0	0,72	1,062	25,0	0,76	0,677	180,0	0,79	0,430
3,5	0,73	1,030	30,0	0,76	0,651	200,0	0,79	0,420
4,0	0,73	1,000	35,0	0,76	0,629	220,0	0,79	0,411
5,0	0,73	0,952	40,0	0,77	0,608	240,0	0,80	0,398
6,0	0,73	0,921	45,0	0,77	0,593	260,0	0,80	0,391
7,0	0,74	0,890	50,0	0,77	0,586	280,0	0,80	0,386
8,0	0,74	0,863	60,0	0,78	0,552	300,0	0,81	0,375
9,0	0,74	0,843	70,0	0,78	0,535	350,0	0,81	0,362
10,0	0,74	0,824	80,0	0,78	0,519	400,0	0,81	0,351
12,0	0,74	0,796	90,0	0,78	0,505	450,0	0,82	0,338
14,0	0,75	0,769	100,0	0,78	0,494	500,0	0,82	0,329
16,0	0,75	0,745	120,0	0,78	0,475	550,0	0,82	0,322

Түбінің орташа деңгейі үстіндегі $H_р$, м, судың тереңдігі мына формула бойынша есептеледі.

$$H_р = 1{,}5H_ф - 0{,}5H_{пр} \qquad (А.3)$$

Осы тереңдік шығарынды конусының кез келген нүктесінде болуы мүмкін және реттеу құрылыс көпірін жобалау және үйінді тәсілдері үшін есептелетін болып табылады.

Б қосымшасы
(анықтамалық)

Коэффициент бойынша табиғи арналарға арналған кедір – бұдырлық

Арна санаты	Арна сипаттамасы	Кедір – бұдырлық коэффициенті, n
I	Өте қолайлы жағдайда (таза, түзу, ластанбаған) табиғи жер арнасы	0,025
II	Өте қолайлы жағдайдағы ағын су табыны және су ағынының жазық типті (әсіресе үлкен және орташа өзендер) тұрақты су ағысының арнасы. Беттің және арнасының күйі өте жақсы болған кездегі кезеңдік ағындар (үлкен және кіші)	0,033
III	Қарапайым жағдайда тұрақты жазық су ағынының арналарына қарағанда таза, ағыс бағытындағы немесе тік бағыттағы кейбір кемшіліктері болатын бірақ түбінін (тайыз жер, шұңқырлар, тасты жерлер) бет–бедеріндегі кемшіліктері болатын иреңдер. Қолайлы жағдайдағы кезеңді су ағындарының (құрғақ сайлар) жер арнасы.	0,040
IV	Айтарлықтай ластанған, иретілген және жартылай тоғай, ағысы қатты, тасты арна (үлкен және орташа өзендер). Ірі малта тасты немесе өсімдік табаны (шөптермен, бұтақтармен) жабылған көрінетін қоқыс мөлшерін тасқын кезінде (нөсерлік және көктемгі) алып кететін кезеңдік су ағындары.	0,050
V	Қатты ластанған және иретілген кезеңдік су ағындарының арнасы. Біршама ластанған, тегіс емес, өзен шұңқырлары нашар жасалған (шұңқырлар, бұтақтар, зауыты болатын ағаштар). Су айнасының беті дұрыс емес таулы типті малта тасты–қой тасты арналар	0,067

Б қосымшасының соңы

Арна санаты	Арна сипаттамасы	Кедір бұдырлық коэффициент, n
VI	Үлкен шұңқырлары болатын, түгел шөп басқан өзендер мен шұңқырлар (ағысы ақырын). Су айнасының беті қазылып тасталған (су жоғары шашырайтын) тасқынды көбікті ағыны болатын қой тасты таулы типті	0,080
VII	Алдыңғы санаттағы сияқты, бірақ бұрыс ағындары қатты болатын шұңқырлар. Ірі қойтасты иретілген табан құрылымы болатын, ашық көрінетін тайыз жерлер, көбіктігі соншалықты қатты болғандықтан тұнықтығы көрінбейді, түсі ақ, ағын шуы барлық қалған дыбыстардан артық, сөйлеуге қиын.	0,100
VIII	Таулы өзендердің сипаттамасы шамамен алдыңғы санаттағы сияқты. Сазды өзендер (шөп басқан, томарлар жапқан, көп жерлерде ағынды сулар). өте көп жансыз кеңістіктері болатын ойықтар, жергілікті шұңқырлар, көлдер.	0,133
IX	Батпақтан, тастардан тұратын селдік типті ағындар (жаппай орманды, тайға типті)	0,200

ӘОЖ 624.21:625.71 **МСЖ 93.040** **ЭҚТӨЖ 45.21.21**

Түйінді сөздер: көпір құрылысы, автомобиль жолдары, жалпы, тұрмыстық, жергілікті шайындылар, тау және тау етегі өзендер, тасты үйінділер

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

СООРУЖЕНИЯ МОСТОВЫЕ И ВОДОПРОПУСКНЫЕ ТРУБЫ НА АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГАХ

ТРЕБОВАНИЯ ПО ЗАЩИТЕ МОСТОВ ОТ РАЗМЫВА НА ГОРНЫХ И ПРЕДГОРНЫХ РЕКАХ

СТ РК 1859-2008

Издание официальное

Комитет по техническому регулированию и метрологии Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан (Госстандарт)

Астана

Предисловие

1 **РАЗРАБОТАН** Акционерным обществом «Казахстанский дорожный научно-исследовательский институт» (АО «Каздорнии») и Техническим комитетом по стандартизации ТК 42 «Автомобильные дороги»

ВНЕСЕН Комитетом автомобильных дорог Министерства транспорта и коммуникаций Республики Казахстан

2 **УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ** Приказом Председателя Комитета по техническому регулированию и метрологии Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан от 30 декабря 2008г. № 670-од

3 В настоящем стандарте реализованы нормы «Экологического Кодекса Республики Казахстан» и законов Республики Казахстан «Об автомобильных дорогах» от 17 июля 2002 г. № 245-II, «О техническом регулировании» от 9 ноября 2004г. № 603-II, «О безопасности дорожного движения» от 15.07.1996г. №29-1.

Настоящий стандарт гармонизирован с техническими регламентами «Требования безопасности при проектировании автомобильных дорог» от 31 марта 2008 года № 307 и «Требования безопасности при эксплуатации автомобильных дорог» от 27 марта 2008 года № 294.

4 **СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ** 2013 год
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ 5 лет

5 **ВВЕДЕН ВПЕРВЫЕ**

Информация об изменениях к настоящему стандарту публикуется в указателе «Нормативные документы по стандартизации», а текст изменения - в ежемесячных информационных указателях «Нормативные документы по стандартизации». В случае пересмотра или отмены настоящего стандарта соответствующая информация будет опубликована в информационном указателе «Нормативные документы по стандартизации»

